

Г.К. Нуркенова^{1*}, Р.Б. Маженова¹, С.К. Молдабекова²

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан, Қарағанды қ.

²Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті, Қазақстан, Көкшетау қ.

*e-mail: gelnur24.10.84@mail.ru

БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЕРДІ ОҚУШЫЛАРҒА КӘСІБИ БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРУГЕ ДАЯРЛАУ

Мақалада білім беруді цифрландыру жағдайына сәйкес, оның ішінде білім берудегі инновациялық процестерге сүйене отырып, болашақ педагог-психологтерді оқушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысына дайындаудың ұйымдастырылуы, құрылымы, мазмұны қарастырылады. Қазіргі педагог-психолог оқушылармен кәсіптік бағдарлау жұмысына дайын болуы, оқушылардың өзін-өзі бағалауын, өзін-өзі тануын, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру бойынша білім мен дағдыларды игеруі үшін қолайлы жағдайлар жасай білуі, оқушылардың қабілеттерін дамыта білуі, оның ішінде кәсіптік-бағдарлау қызметін цифрландыру жағдайларына бейімдей алуы қажет.

Зерттеудің мақсаты – болашақ педагог-психологтерді білім беруді цифрландыру жағдайында оқушылардың кәсіби бағдарлануына дайындауды ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан негіздеу. Мақалада кәсіптік бағдар беру, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы, болашақ педагог-психологтерді даярлау, кәсіптік даярлау ұғымдарының мәні нақтыланды. Болашақ педагог-психологтерді оқушылардың кәсіби бағдарлануына дайындау мәселесін қарастырған отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстарына ғылыми-теориялық талдау жүргізілді. Жоғары сынып оқушыларының қазіргі заманғы кәсіптік бағдар беру жұмысын жүзеге асырудың жай-күйі мен тәсілдеріне қатынасын анықтау мақсатында олардан сауалнама алынды. Сондай-ақ болашақ педагог-психологтердің оқушыларға кәсіптік бағдарлау жұмысының маңыздылығын, оны жүзеге асырудың заманауи өзекті технологияларын түсіну дәрежесі зерттелді. Оған Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ, Көкшетау университеті және Қарағанды Bolashaq академиясының студенттері қатысты. Көмекші құрал ретінде болашақ педагог-психологтер оқушыларды кәсіптік бағдарлау кезінде веб-сайтты, цифрлық технологиялардың басқа мүмкіндіктерін пайдалана алады.

Түйін сөздер: Білім беруді цифрландыру, педагог-психолог, кәсіптік бағдар, кәсіби өзін-өзі анықтауы, даярлау, кәсіби даярлық, құзыреттілік, цифрлық технологиялар.

G.K. Nurkenova^{1*}, R.B. Mazhenova¹, S.K. Moldabekova²

¹E.A. Buketov Karaganda University, Kazakhstan, Karaganda

²Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kazakhstan, Kokshetau

*e-mail: gelnur24.10.84@mail.ru

Preparation of future teachers-psychologists for professional orientation of students in the context of digitalization of education

The researchers examines the article examines the organization, structure, content of the system of preparing future teachers-psychologists for Career Guidance work with students in accordance with the conditions of digitalization of education and the need for their interaction with innovative processes in education. The educational process of the Higher School should increase the readiness of future teachers-psychologists for professional orientation work with students, create the most favorable conditions for them to acquire the knowledge and skills necessary for the formation of students' self-esteem, self-knowledge, professional self-determination, develop their abilities, and adapt vocational guidance to the conditions of digitalization.

The purpose, main directions and ideas of scientific research. The purpose of the study is a scientific theoretical and methodological justification of the preparation of future teachers-psychologists for professional orientation of students in the context of digitalization of Education. The article clarifies the essence of the concepts of professional orientation, professional self-determination of students, training of future teachers-psychologists, professional training.

Brief description of the scientific and practical significance of the work. The scientific and practical significance of the work is the problem of methodically increasing the readiness of future teachers-

psychologists for Career Guidance work, updating the content of Career Guidance work in the context of digitalization of knowledge and the effective use of the capabilities of digital technologies.

Brief description of the research methodology. A scientific theoretical analysis of the works of domestic and foreign scientists was carried out, which considered the issue of preparing future teachers-psychologists for professional orientation of students. In order to determine the views of high school students on the state and approaches to the implementation of modern career guidance work, they were surveyed. The degree of understanding of the importance of vocational guidance work for students by future teachers-psychologists, modern relevant technologies of implementation is studied.

The main results and analyzes of the research work, conclusions. Based on the results of the survey obtained on the topic of the study, the authors put forward the problem of improving the content of Career Guidance work through the rational use of the capabilities of digital technology.

The value of the study (the contribution of this work to the relevant field of knowledge). It was noted that the web site is being developed as an auxiliary tool for future teachers-psychologists in the professional orientation of students, and it is planned to improve the content of Career Guidance work through other possibilities of digital technology.

Practical significance of the results of work. The result of the research problem is the implementation of forms, methods and means of professional orientation in accordance with the conditions of digitalization of Education.

Key words: digitalization of education, teacher-psychologist, career guidance, professional self-determination, training, professional training, competence, digital technologies.

Г.К. Нуркенова^{1*}, Р.Б. Маженова¹, С.К. Молдабекова²

¹Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Казахстан, г. Караганда

²Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Казахстан, г. Кокшетау

*e-mail: gulnur24.10.84@mail.ru

Подготовка будущих педагогов-психологов к профориентации учащихся в условиях цифровизации образования

В статье рассмотрены организация, структура, содержание подготовки будущих педагогов-психологов к профориентационной работе с учащимися в соответствии с условиями цифровизации образования, в том числе опираясь на инновационные процессы в образовании. Современному педагогу-психологу необходимо быть готовым к профориентационной работе с учащимися, уметь создать благоприятные условия для приобретения школьниками знаний и навыков по формированию самооценки, самопознанию, профессионального самоопределения школьников, развить способности учащихся, в том числе через адаптацию профессионально-ориентационной деятельности к условиям цифровизации.

Цель исследования – научно-теоретическое и методическое обоснование подготовки будущих педагогов-психологов к профессиональной ориентации учащихся в условиях цифровизации образования. В статье уточнено значение понятий профориентация, профессиональное самоопределение учащихся, подготовка будущих педагогов-психологов, профессиональная подготовка. Проведен научно-теоретический анализ работ отечественных и зарубежных ученых, рассматривавших вопрос подготовки будущих педагогов-психологов к профессиональной ориентации учащихся. С целью определения отношения старшеклассников к состоянию и способам осуществления современной профориентационной работы у них был проведен опрос. В нем приняли участие студенты КарУ им. Букетова, Кокшетауского университета, Карагандинской академии Bolashaq. Изучена степень понимания будущими педагогами-психологами значения профориентационной работы учащихся, современных актуальных технологий реализации. В качестве вспомогательного средства будущие педагоги-психологи при профориентации учащихся могут использовать веб-сайт, другие возможности цифровых технологий.

Ключевые слова: цифровизация образования, педагог-психолог, профориентация, профессиональное самоопределение, подготовка, профессиональная подготовка, компетентность, цифровые технологии.

Кіріспе

Жастарға кәсіби жолды анықтауға, олардың мүдделері мен қабілеттерін түсінуге көмектесу жоғарғы сынып оқушыларымен жүргізілетін оқу-

тәрбие жұмыстарының құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл оқу-тәрбие жұмысының бағыты кәсіби бағыт бағдар беру негізінде жүзеге асады. Кәсіптік бағдар жұмыстары білім алушылардың қызығушылықтары мен мүдделеріне орай ке-

лешек кәсібін анықтауда бағыт беріп, олардың кәсіби өзін-өзі анықтауында қолдау жасауға бағытталады.

Кәсіптік бағдар – бұл адамның дербес ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға бағытталған іс-шаралар жүйесі, оған өзінің жеке мүмкіндіктеріне сәйкес келетін мамандықты дұрыс таңдауға көмектесуі. Кәсіби бағдарлаудың негізгі мақсаты – жастарға кәсіби жолды анықтауға, олардың мүдделері мен қабілеттерін түсінуге көмектесу (Романова, 2013: 304)[1].

Кәсіби бағдар процесс ретінде белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталады. Жоғары сынып оқушыларымен жұмыс жасауда мұндай мақсат мектеп оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауына қол жеткізу болып табылады. Кәсіби өзін-өзі анықтауы әр адамның өміріндегі маңызды кезең болып табылады. Ересек өмірде адам өзінің өмірінің көп бөлігін үйде емес, жұмыста өткізетіндігі белгілі. Бұл дегеніміз өмірінің басым көп бөлігі кәсібімен байланысты. Адамның кәсіби оның қызығушылықтары мен мүддесіне сай таңдалған болса, ол оған келешегінде жағымды ахуалда болуын және мансаптық үлкен жетістіктерге жетуге жол ашады. Сондықтан кәсіби өзін-өзі анықтауына адам немқұрайды қарамауы тиіс. Осы мәселенің болашақ мамандықтар мен құзыреттіліктер атласында да назарға ілінуі бекер емес. Демек оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына бағытталған іс-шаралар жүйесіне үлкен мән берілуі қажет.

Д.Б.Элькониннің зерттеулерін басшылыққа алатын болсақ, жоғары сыныптардағы оқушылардың оқу іс-әрекеті болашақ мамандық таңдауымен байланысты бағыт алады. Болашақ мамандықтары мен оқу қызығушылықтары арасында айтарлықтай берік байланыс орнатылады. Жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі анықтау қажеттілігіне байланысты қоршаған ортаны және өзін-өзі түсінуі, болып жатқан оқиғаның мәнін табу қажеттілігі туындайды. Жоғары сыныптарда білім алушылар теориялық, әдіснамалық негіздерді, түрлі оқу пәндерін меңгеруге көшуі керек (Соколова, 2015: 304)[2].

Оқушының дербес ерекшеліктері, қызығушылықтары, қабілеттері мен өзін-өзі кәсіби анықтауы сәтті өтуі үшін кәсіби бағыт бағдар жұмыстары ұтымды, жүйелі жүргізілуі керек.

Өмірдің барлық салаларының заманауи трансформациясы қарқынды технологиялық және цифрлық дамумен байланысты. Бүгінгі таңда

ақпараттық технологиялардың біздің өміріміздің көптеген аспектілеріне әсерін кеңейтуді елеуге болмайды, сонымен қатар олардың білім беру саласында өсіп келе жатқан танымалдығы мен қолданылуын жоққа шығаруға болмайды (Vitoria, 2018: 20)[3]. Ендеше заманауи цифрлық технологиялар жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағыт бағдар беру мәселелерінде шешімдерді дамытудың жаңа перспективаларына жол ашады.

Цифрлық білім беру жағдайы қолданыстағы әдіс-тәсілдерді қайта қарауды талап етеді, сондай-ақ жаңартулардың қажеттілігін белгілейді. Демек заманның қарқынды дамуына орай кәсіптік бағдар беру жұмыстарының әдіс-тәсілдері цифрландыру жағдайына қайта бейімдеуді талап ететіндігін көрсетеді. Осыған орай білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагог-психологтерді оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беруге даярлау мәселесін өзекті болып табылады деп ойлаймыз.

Оқушылармен кәсіби бағдар беру жұмысы бүгін де аса өзекті жұмыс бағыттары болғандықтан, арнайы педагог-профориентаторларды мектеп штатына енгізіп жатқанымен, оқушылардың кәсіби өзін-өзі кәсіби анықтауы жеткілікті деңгейде жүзеге асырылып жатпауы арасындағы қайшылықтар байқалуда. Ол білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагог-психологтердің оқушылармен кәсіби бағдар беру жұмысына кәсіби дайындығын қалыптастыру қажеттілігі және осы процестің біртұтас теориялық және тәжірибелік негіздемесінің болмауы болып табылады. Осыдан болашақ педагог-психологтерді оқушылармен кәсіби бағдар беру жұмысына кәсіби даярлау процесін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан негіздеу қажеттілігінен тұратын мәселе анықталып отыр.

Бұл мәселені шешу үшін болашақ педагог-психологтерді оқушылармен кәсіптік бағдарлау жұмысына даярлау жүйесін, оқу-тәрбие жұмысын цифрландыру жағдайына сәйкес оның ұйымдастырылуын, құрылымын, мазмұнын, білім берудегі инновациялық процестермен өзара байланысын арттыру қажет. Осыған сәйкес, ЖОО білім беру процесі болашақ педагог-психологтерді оқушылармен кәсіби бағдар беру жұмысына дайындығын ынталандыру, олардың рефлексиясын, өзін-өзі бағалауын, өзін-өзі тануын қалыптастыру, студенттердің қажетті білімдерін, дағдыларын игеру арқылы олардың кәсіби және жеке ұстанымдарын қалыптастыру

үшін ең қолайлы жағдайлар жасалатындай етіп құрылуы және қабілеттерін дамыту, кәсіптік бағдар беру бағытын цифрландыру жағдайына бейімдеп қалыптастыру керек.

Зерттеудің мақсаты: білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагог-психологтерді оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беруге даярлауды ғылыми теориялық және әдістемелік тұрғыдан негіздеу.

Зерттеудің міндеттері:

– білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагог-психологтерді оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беруге даярлығына ғылыми теориялық және әдістемелік тұрғыдан талдау жасау;

– жоғары сынып оқушыларының кәсіптік бағдарлау жұмысының іске асырылуының жай-күйі мен жүзеге асырылу тәсілдеріне көзқарастарын анықтау;

– болашақ педагог-психологтердің оқушыларға кәсіптік бағдар беру мәселесінің жағдайын, оның мазмұнын, іске асырудың өзекті технологияларын түсіну дәрежесін зерделеу.

Зерттеу нысаны: болашақ педагог-психологтерді даярлау процесі.

Зерттеу пәні: болашақ педагог-психологтерді білім беруді цифрландыру жағдайында оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беруге даярлаудың мәселелері.

Зерттеудің ғылыми болжамы: білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагог-психологтерді оқушыларға кәсіби бағыт-бағдар беруге даярлау ғылыми теориялық және әдістемелік тұрғыдан негізделіп, кәсіби бағдарлауда цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін ұтымды пайдалануға болашақ мамандарды даярласақ, онда олар оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы, келешек мамандығын таңдауда дұрыс шешім қабылдауы үшін оң нәтижелерге қол жеткізе алар еді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеушілер оқушылардың келешек кәсібін таңдауға дайын болмауын мектептің оқу-тәрбие процесінде кәсіби бағыт бағдар жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуімен байланыстырады. Бесклубная А. В. оқушының мамандық таңдауға дайындығының жоғары, орташа, төмен деңгейлерін анықтайды (Бесклубная, 2013: 135) [4].

Бесклубная А.В. осы тұста оқушының кәсіби өзін-өзі анықтауының төмен деңгейде болуын бірнеше себептермен байланыстырады:

1. Кәсіптік бағдарлау жұмыстарының жеткіліксіздігі.

2. Заманауи оқыту тәсілдерінің артуына байланысты ең жаңа техникалық жабдықты пайдалану қажеттілігі. Кәсіптік бағыт бағдар беруші жаңа технологияларды қолдана отырып, кәсіптік бағдарлау іс-шараларын жүзеге асыруды қамтамасыз ете алмайды, сондықтан бұл міндет көбінесе екінші орынға шығады. Мұндай жағдайда кәсіби бағдар ресми сипатқа ие болады.

3. Білім алушылардың қазіргі заманғы шындықтары мен сұраныстарына сәйкес келетін құралдар туралы кең білімі бар кәсіби бағдар беру саласындағы білікті мамандардың жетіспеушілігі. Білім алушыларды кәсіптік бағдарлау педагог-профориентатор мен мектептердің педагог-психологтеріне міндеттеледі, ал біздің зерттеуде педагогтардың кәсіби даярлығы қарастырылып отырғандықтан, олардың әрдайым білім беруді цифрландыру жағдайында оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беруге дайын бола бермейтіндігін айтқымыз келеді.

Осы аталған себептерді біз де өз зерттеуімізде басшылыққа ала отырып, оқушының өзін-өзі кәсіби анықтауы педагогтың атқаратын қызметіне байланысты деген тұжырымға келеміз. Сол себепті де болашақ педагог-психологтерді оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беруге даярлауды жетілдіру қажет ойлаймыз. Ал бұл даярлықты кәсіби білім алу барысында назарға алған жөн. Болашақ педагог-психологтердің оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беруге даярлығын қарастырмас бұрын, алдымен «даярлық», «кәсіби даярлық», «кәсіптік бағдарлау құзыреттілігі», «педагогтың кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізуге дайындығы» ұғымдарына тоқталып өтейік.

Қазіргі заманғы педагогика мен психологиядағы «даярлық» ұғымы адамның іс-әрекетті сәтті орындау үшін қажетті білім, білік, дағдылармен қарулануы; оның іс-әрекетке жарамдылығын анықтайтын жеке қасиеттердің синтезі ретінде; жеке тұлғаның тұтас көрінісі ретінде; элементтердің тұтас динамикалық жүйесі ретінде айқындалады. Жеке қасиеттердің бұл синтезі мыналарды қамтиды: белсенділікке оң көзқарас, тұрақты интеллектуалды сезімдер, қолайлы психикалық күй, тиісті саладағы белгілі бір білім, білік, дағдылар қоры, белгілі бір іс-әрекетке қабілеттілік (Мутнык, 2023: 112)[5].

«Кәсіби даярлық» жұмысқа деген оң көзқарасты, жұмысқа практикалық дайындықты,

өзара әрекеттесу мақсатына жетуге ұмтылуды, өз қызметін және өзін субъект ретінде бағалауды қамтиды.

Борисова Т.С. болашақ педагогтың «кәсіби бағдарлау құзыреттілігін» кәсіби бағдарлау білімін, іскерлігін, практикалық тәжірибесін, жеке және кәсіби қасиеттерін біріктіретін және болашақ кәсіби қызметте кәсіби бағдарлау функцияларын орындаудың тиімділігін қамтамасыз ететін жүйелі тұлғалық білім болып табылатын кәсіби құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Ол болашақ педагог-психологтердің кәсіби бағдарлау құзыреттілігінің құрылымын ұсынады, ол келесі компоненттерден тұрады: мотивациялық, когнитивті, операциялық-белсенді, эмоционалды-ерікті және бағалау (Борисова, 2008: 135)[6].

Щёголь В.И. және Муравина Е.В. кәсіби бағдар беру құзыреттілігі педагогтың кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөліктерінің бірі ретінде әрекет етеді және жүйелі тұлғалық білім педагогтың басым кәсіби құзыреттіліктерінің өзара әрекеттесуінің ажырамас бөлігі ретінде белгілі бір дәрежеде болашақ маманның алдағы мета-іс-әрекетінің тақырыбына сәйкес келеді деп санайды (Глузман, 2018: 6)[7].

Р.А. Жумабобоевтың айтуынша, педагогтың кәсіптік бағдарлау жұмысын жүргізуге дайындығы тұтас педагогикалық процестегі кәсіптік бағдарлау жұмысының орнын түсінумен; кәсіптік бағдарлау жұмысының міндеттері, мазмұны, әдістері мен нысандары туралы педагогикалық білім жүйесімен; жалпы еңбек сипатындағы кәсіптік бағдарлау дағдыларының белгілі бір шеңберімен анықталады (Жумабобоев, 2007: 22)[8].

Куракбаева А.Ж., Абуханова А.Б. маманның кәсіптік бағдар беру жұмысына дайындығының келесі компоненттерін ажыратады:

1. Мотивациялық-тұлғалық (педагогтың кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастыруға оң көзқарасы, педагогтың кәсіптік бағдарлау жұмысын тиімді ұйымдастырудың маңыздылығын түсінуі, педагогтың кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті білім, білік және дағдылар, құзыреттер кешенін меңгеруге ұмтылуы);

2. Мазмұнды-шығармашылық (кәсіптік бағдарлау жұмысының тұжырымдамалық негіздерін білу, кәсіптік бағдарлау жұмысының теориялық негіздерін білу (философиялық, психологиялық, педагогикалық), кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін білу);

3. Процессуалдық-кәсіптік бағдар беру жұмысының әртүрлі нысандарын, әдістерін, құралдарын, тәсілдерін пайдалана білу, кәсіптік бағдар беру жұмысын мазмұндық-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлей білу (Куракбаева, 2014: 69)[9].

Біз өзіміздің зерттеуімізде ғалымдардың пікірлерін ұстана отырып, қазіргі таңдағы цифрлық білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтердің оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беруге дайындығын бірнеше компоненттерден тұратын тұтас жүйе ретінде қарастыруды жөн көрдік. Демек осы кәсіби бағыт бағдар беруге дайындықты қамтитын компоненттерді цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін (веб.сайттар, платформалар, мобильді ойындар) ұтымды қолдану арқылы жүзеге асыруға болады. Көршілес елдердің осы саладағы тәжірибесін зерделеу негізінде осындай тәжірибенің қолданыста бастау алғанын байқадық. Дәл осындай тәжірибені еліміздегі оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беруде ұтымды қолдану жолын ұсынғымыз келеді. Өкінішке орай бүгінгі жастарға дәстүрлі форматтан қарағанда цифрлық форматтың назарларын аударуға ықпалы зор екенін білеміз. Сол себепті болашақ педагогтарға оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беруде көмекші құрал ретінде арнайы веб.сайт әзірленуі үстінде. Оның бірнеше блоктан тұруы жоспарланып отыр. Кешенді кәсіптік бағдарлау диагностикасы (жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауына арналған автоматты нәтижелері берілетін психологиялық-педагогикалық тестілер, әдістемелер), кеңес беру (онлайн форматта, чат арқылы), кәсіби бағыт бағдар бойынша ағартушылық (жалпы кәсіптер әлемі туралы нақты идеяларды құру, кәсіптің негізгі міндеттерінің, функцияларының мазмұны мен сапалық ерекшеліктерін видео форматта бейнеленуі). Осындай цифрлық білім беру ресурстарын қолдану студенттердің кәсіби бағдарлау құзыреттілігін қалыптастыруға үлкен ықпалын тигізеді. Олар тек өздерінің білімін ғана жетілдіріп қана қоймай, іс-тәжірибеде оны қолдану арқылы білік дағдыларын шындайды.

Кәсіби бағыт бағдар беру кезіндегі кеңес беруде болашақ педагогтар тек оқушының қалауын ғана емес, сонымен қатар мамандық адамға қоятын талаптарды да басшылыққа ала отырып түсіндіруі керек. Оларға цифрлық ресурстар арқылы оқушыларға ұсынатын кәсіптің ерекшеліктерімен, соның ішінде ашық білім беру платформаларымен, ғаламтор-

олимпиадаларымен таныстыру орынды деп санаймыз. Мамандық таңдауда және оқушының мүдделерін ескеруде даралықты қамтамасыз ету қажет. Кәсіптік бағдар беру жұмысында ата-аналармен жұмыс маңызды, қазіргі таңдағы ата-аналардың жұмысбастылығын ескере отырып, оны цифрлық байланыс форматына да аударуға болады. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің нәтижелері бойынша ата-аналардың балаларының кәсіби таңдауына әсері расталғандықтан, ата-аналар арасында ағартушылық жұмыс бірдей маңызды болады (Бурнаева, 2018: 272)[10].

Сондай-ақ, белгілі бір салалардың өкілдерінен кәсіптік бағдарлау іс-шараларын назардан тыс қалдырмау қажет. Бұл жағдайда талапкерлер үшін өндіріспен танысуға, мамандыққа енуге және өз үміттерін шындықпен салыстыруға болады (Королева, 2013: 83)[11].

Болашақ педагог-психологтердің білім беруді цифрландыру жағдайында кәсіптік бағдар беруге дайындығы – бұл болашақ маманның жеке қасиеті, ол цифрлық технологиялар негізінде кәсіптік бағдарлау іс-шараларын (олардың нысандарын, әдістері мен құралдарын) ойдағыдай

пайдалану, құрастыру, өзгерту қабілетін сипаттайды және кәсіптік бағдарлау қызметі үшін цифрлық технологияны пайдалануға деген ұмтылысты, әзірлеу үшін мамандандырылған білімді (психофизиологиялық, педагогикалық, диагностикалық-әдістемелік) және мамандандырылған дағдыларды біріктіреді.

Зерттеуде теориялық (талдау, синтез, нақтылау, жалпылау, модельдеу) және эмпирикалық әдістер (студенттердің оқу іс-әрекетін бақылау, кәсіптік бағдар беру жұмысының тәжірибесін зерделеу, сауалнама) қолданылды. Негізгі әдіс ретінде авторлық әзірленген оқушыларға [12] және студенттерге [13] арналған «Білім беруді цифрландыру жағдайында білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысы» сауалнамасы болды.

Студенттерге арналған сауалнама 2022-2023 оқу жылында Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті және Қарағанды Bolashaq академиясының білім беру бағдарламаларының студенттеріне жүргізілді. Зерттеуге қатысқан жоғары оқу орындарының сауалнамасына қатысушылардың саны бойынша бөлу 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – ҚР Жоғары оқу орындарының студенттерінің білім беруді цифрландыру жағдайында кәсіби бағдарлау жұмысына даярлығын зерттеуге қатысушылар

ЖОО атауы	Қатысушылардың саны (күндізгі, ҚББТ қолдану негізінде күндізгі қысқартылған)
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	120
Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті	182
Қарағанды Bolashaq академиясы	141

Оқушылардың пікірін білу үшін жалпы білім беретін мектептердің білім алушылары қатысты: Қарағанды қаласының және облыс көлеміндегі аудан орталықтарының жоғары сы-

нып оқушыларына *google формасы негізінде жүзеге асты.*

Зерттеуге қатысқан оқушылардың саны бойынша бөлу 2-кестеде келтірілген.

2-кесте – Қарағанды қаласының және облыс көлеміндегі аудан орталықтарынан қатысқан жоғары сынып оқушыларының саны

Қатысшылар	Қатысушылардың саны (9,10,11 сыныптар)
Қарағанды қаласындағы ЖББМ қатысқан білім алушылар	395
Облыс көлеміндегі аудан орталықтарындағы ЖББМ қатысқан білім алушылар	175

Болашақ педагогтарға жүргізілген сауалнаманың мақсаты оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беру мәселесінің жағдайын, оның мазмұнын, іске асырудың өзекті технологияларын түсіну дәрежесін анықтауға бағытталды. Ал оқушыларға өткізілген сауалнаманың мақсаты кәсіптік бағдарлау жұмысының қазіргі таңдағы іске асырылуының жай-күйі мен жүзеге асырылу тәсілдеріне көзқарастарын анықтау болды.

Болашақ педагог-психологтердің оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беру мәселесінің жағдайын, оның мазмұнын, іске асырудың өзекті технологияларын түсіну дәрежесін зерделеу үшін білім алушыларға және студенттерге арналған «Білім беруді цифрландыру жағдайында білім алушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысы» сауалнамасы әзірленді (Қаңтар 2022 ж.).

Зерттеудің келесі кезеңі 2022 жылдың қараша-желтоқсан айларында өтті, онда Қарағанды қаласындағы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінен 120 білім алушы, Қарағанды Bolashaq академиясынан 141 студент қатысқан сауалнама ұйымдастырылды. Келесі кезеңде (2023 ж. ақпан) зерттеуге *Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті* (182 студент), қосылды.

2023 жылдың басында сандық нәтижелерді математикалық өңдеу және деректерді сапалық талдау жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында жүргізілген зерттеу кезеңінде Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті мен Bolashaq академиясының білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ педагог-психологтерді оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беруге даярлауда тағы бір қадам жасалды. 2023-2024 жылғы оқу жоспарларына элективті пәндер енгізіліп, іс-тәжірибе бағдарламаларының мазмұнына арнайы бөлім енгізілді.

Әдебиеттерге шолу

Мәселе бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау кәсіптік бағдар беру жүйесі келесі авторлардың еңбектерінде қарастырылғандығын атап өтуге болады: елімізде Дуйсембекова Ш. Д., Смагулова Г. А., Садыкова М. К., Икрамова А. Ш., Юсупова И. Б., Бейсенова Ж.Ж., Молдабекова С.К. және шетелдік Бельницкая Е. А., В. К. Ага-рагимова, М. М. Асильдерова, Д. М. Даудова, Е.И.Рубанова, Файзрахманова А.Л., Сергеев О.В.,

Зеер, Э. Ф., Лобова Е. В., Дусь Т. Э., Мухамедова Э. В., Шамсутдинова И. Г., Артемова Л. К., Никулина О. В., Разумова М. В., А. М. Бакунов, Казаков Д. В., Яковлев Б. П., Кирилова С. А., Толстопятова Е. А., Харькина М. А., Чебанов К. А., Безусова Т.А., Шестакова Л.Г., Борозинец Н.М., Дьяченко Т.В., Евсеева С.А., Палиева Н.А., Сальникова О.Д., Климов Е. А., Игнатович Е. С., Кибакин С.В., Файзрахманова А.Л., Гуткин, М.С., Слепухина Г. В., Чахлова Г. А., Гаврикова Т. В., Байбородова Л. В., Панина С. В., Калинова В. С., Касьянова Т. И., Ососова М. В., Чистякова С. Н., Гузич М. Э., Petrov R. және Korachev D., Prince A., Hodge J., Bridges W., Katsiyannis A., Fialová I., Ianes D. және т.б.

Кәсіптік бағдар беру жұмысын инновациялық тәсілмен іске асыру мәселелерін келесі ғалымдар қарастырды: Амиров А.Ж., Абдуллаева Г.О., Ш. Эргашев, А. Калонтаров, Нематова Г., Ахметов, Л. Г., Егармин П. А., Феоктистова Т. В., Прокошев Д.А., Сухих Р.О., Титова С. В., Халина Е. В., Никифорова Н. Н., Пряжников Н. С., Адольф В. А., Никодимова Е.А, Белоусова А. К., Ковалев М. Н. Алтухов В.В., Декина, Е.В., Шалагинова К.С., Извекова, Е.М., Пфетцер, А.А., З.Г. Иргалина, Грибкова Ю.В., Кашинцева О. А., Сарычева И. А. және т.б.

Болашақ педагог-психологтерді оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беруге даярлау мәселесін қарастырған отандық және шетелдік ғалымдардың қатарына қатарына Глузман Ю.В., Курочкина Л. В., Е. Н. Коренева, Е. А. Подвигина, Борисова Т.С., Щёголь В.И., Муравина Е.В., Жумабоев Р.А, Куракбаева А.Ж., Абуханова А.Б., Ефимов А. Л., Правдюк В. Н., Мушта А. О., Пряжников Н. С. және т.б. атап өтуге болады.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі әлемде оқушы үшін саналы өзін-өзі анықтаудың маңыздылығы артып келеді. Орта мектептің маңызды міндеттерінің бірі-түлекке жан-жақты жалпы білім беру, оны саналы өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтауға дайындау. Бұл білім беруді цифрландыру жағдайында кәсіби бағдарлау теориясы мен практикасын жетілдіруді, оның сапасын арттыруды талап етеді.

Сауалнама жоғарыда атап өткеніміздей оқушыларға және болашақ педагогтарға арналып әзірленген болатын. Жалпы білім беретін мектеп білім алушышыларына арналған сауалнаманың тақырыбы «Білім беруді цифр-

рландыру жағдайында білім алушыларды кәсіптік бағдарлау». Сауалнаманың мақсаты: білім алушылардың кәсіптік бағдарлау жұмысының іске асырылуының жай-күйі мен жүзеге асырылу тәсілдеріне көзқарастарын анықтау. Сауалнама сұрақтары білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырылып әзірленгендіктен, сұрақтар түсінікті, қысқа, анық болды. Алдымен білім алушылардан олардың «кәсіби бағдар» ұғымын қалай түсінетіндіктері туралы сұралды. Сауалнамаға қатысушы респонденттердің 36,8% мамандық таңдауға көмектеседі деген жауапты таңдаған, ал 42,7% мамандықтар туралы ақпарат береді деп түсінсе, қалған 19,9% кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал етеді деген, 0,6% білмеймін деп өз жауап нұсқасын қосқан. Осы сауал бойынша алынған жауаптардан көріп отырғанымыздай біз білім алушылар кәсіптік бағдар жұмысын тек мамандықтар туралы ақпарат беретін, оны таңдауға көмектесетін іс-шаралар жүйесі ретінде қабылдайтынын көруімізге болады.

Сауалнамаға қатысушылардың шамалы бөлігі (19,9%) ғана кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал етеді деп түсінетіндігін көрсетті. Бұл дегеніміз әлі де болса, оқушылардың оқу-тәрбие жұмысының бұл бағытын әлі де жетік түсінбейтіндігінен болар.

«Менің болашақ мамандығымды таңдауға әсер етеді» деген сұрақ бойынша келесідей жауап нұсқалары алынды: менің мүмкіндіктерім, қабілеттерім және жеке ерекшеліктерім-61,4%; менің ата-анамның пікірі-11,7%; менің қызығушылықтарым, бейімділіктерім, сенімдерім, құндылықтарым-56,1%; менің достарымның пікірі немесе таңдауы-1,2%; жауап беруге қиналамын-1,8%. Алынған жауаптардан көріп отырғанымыздай оқушылардың болашақ кәсібін таңдауға ата-анасының пікірі әсер етедіктің байқауымызға болады. Сол себепті де кәсіби бағыт бағдар жұмысы барысында болашақ педагогтар білім алушылардың тек өздерімен ғана емес, сонымен қатар ата-анасымен де ағартушылық жұмыстарды назардан тыс қалдырмағандары абзал.

«Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу маңызды деп санайсыз ба?» деген сауалға оқушылардың 87,7% иә деп жауап берген, ал 11,1% жоқ десе, ал қалған 1,2 % кейде деген пікірде болған.

Оқушылар мектептеріндегі жиі жүргізілетін кәсіптік бағдарлаудың келесі түрлерін көрсеткен: ашық есік күндері 41,5%, кәсіптер

жәрмеңкесі-19,3%, әңгімелесулер, интервью-34,5%, ойындар, тренингтер-10,5%, олимпиадалар, байқаулар – 29,2%, ал 6,6% түкке өткізілмейді деп қосымша жауап нұсқамын ұсынған. Осы сауалдан алынған пікірге орай біз кәсіби бағыт бағдар жұмысы өз мәнінде өткізілмейтін мекемелер де бар екеніне көзіміз жетеді. Сондай-ақ алынған пікірлерге сүйенетін болсақ, көп жағдайда мектептерде кәсіби бағыт бағдар жұмысы ашық есік күндерімен, кәсіптер жәрмеңкелерімен шектеліп қалатын да сияқты. Ал бұл шаралар біз білетіндей ЖОО тарапынан өтетіндіктен, бұлар көбіне әр оқу орнының өз ұйымын жарнамалаумен шектеліп қала береді. Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы назардан тыс қала береді. Олар келешек мамандығын тек ЖОО беделіне, ұсынатын мүкіндіктер мен жеңілдіктерге қарап таңдау жасайды деген сөз.

Оқушылардан кәсіптік бағдар беруді кім жиі жүзеге асыратындығын сұраған кезде олардың 39,8% педагог-психолог, 19,3% сынып жетекшісі, 35,1% педагог-профориентатор, 17% тәрбие ісі жөніндегі меңгеруші, 24% ЖОО өкілдері, 10,5% ешкім деген пікір білдірген. Алынған пікір негізінде мектепте қазіргі таңда педагог-профориентаторлар болғанымен, басым көп бөлігі педагог-психолог атқаратынын көрсеткен. Біздің ойымызша да бұл бағытты педагог-психологтер жүргізгені ұтымды болады, себебі педагог-психологтердің оқу-тәрбие саласында да, психология саласында да кәсіби даярлықтан өткен, кәсіби даярлығы жеткілікті. Себебі кәсіби өзін-өзі анықтау дегеніміз бұл тұлғалық өзін-өзі анықтау болып табылады. Сол себепті бұл бағыттағы жұмысты арттыру үшін маман педагог та, психолог та болуы керек. Әйтпесе кәсіби бағыт бағдар беру тек экономикалық сипатқа ғана ие болып қала береді.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы аясында ақпарат алу қандай форматта ыңғайлы деген сұраққа 39,2% электронды түрде, 14,6% қағаз түрінде десе, ал 46,2% аралас форматты қалайтынын жеткізген. Көріп отырғанымыздай оқушылардың басым көпшілігі электронды немесе аралас форматты қалайтынын көрсеткен. Бұл да қазыргы замандағы білім беруді цифрландыру жағдайындағы негізгі талаптардың біріне айналып отыр.

«Сіздің мектебіңізде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу кезінде цифрлық технологиялар қолданыла ма?» деген сұраққа 58,5% сирек, 38% жиі, 3,5% мүлдем қолданылмайды деген пікірлер қалдырған. Алынған пікірлерден

көріп отырғанымыздай білім беруді цифрландыру жағдайындағы кәсіби бағыт-бағдар беру жұмыстары әлі де жетілдіруді қажет етеді.

Біз диаграмманы нақты зерттеу тақырыбымыздың мазмұнын ашатын бөлігіне құрдық.

Білім беруді цифрландыру жағдайындағы кәсіби бағыт бағдардың жүзеге асыруда цифрлық технологияларды қолданудың жағдайын келесі диаграммаларға келтірдік (1,2-сурет).



1-сурет – Кәсіптік бағдар беру жұмысы аясында ақпаратты қолдану форматы



2-сурет – Мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу кезіндегі цифрлық технологиялар қолданылуы

Жоғарыда айтып өткеніміздей сауалнама болашақ педагогтарға да өткізілді. Сауалнаманың мақсаты: болашақ педагог-психологтердің оқушыларға кәсіптік бағдар беру мәселесінің жағдайын, оның мазмұнын, іске асырудың өзекті технологияларын түсіну дәрежесін анықтау.

«Кәсіптік бағдар» терминін студенттердің 43% мамандық таңдауда көмек көрсетеді, 28% мамандықтар туралы ақпарат береді, 23,3% оқушылардың кәсіптер туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған іс-шаралар, 22,8% кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал ететін іс-шараларды өткізу деген пікірді ұстанса, ал 0,5 % барлық аталғандар деп өз жауап нұсқасын ұсынған. Берілген пікірлерден көріп отырғанымыздай болашақ педагог-психологтердің басым көпшілігі кәсіби бағдарды тек мамандықтар

таңдауда көмектесетін ақпараттар ағымы деп түсінеді.

«Сіздің ойыңызша оқушылардың кәсіби таңдауына үлкен әсерін тигізеді» деген сұраққа 62,1% өз мүмкіндіктерін, қабілеттерін, ерекшеліктерін білу; 20,2% ата-аналарының пікірі; 14,1% белгілі бір кәсіптің өкілдерімен қарым-қатынас жасау; 19,2% мүдделер, бейімділіктер, сенімдер, құндылық бағдарлары; 7,1% достарының пікірі немесе таңдауы; 7,1% бұқаралық ақпарат құралдары; 8,6% ғаламтор-ресурсы; 11,6% білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу деген пікірлерге таңдау жасаған.

Болашақ педагог-психологтердің басым көпшілігі (97,5%) кәсіптік бағдарлау жұмысын

маңызды деп тапты, тек 2% маңызды емес деп ойласа, 0,5% білмеймін деген өз жауап нұсқасын берген.

Оқушыларға кәсіптік бағдар беруде ең жиі қолданылатын жұмыс формаларына 39,3% ашық есік күндері, 34,8% мамандықтар жәрмеңкесі, 24,4% әңгімелесулер, интервью; 25,9% ойындар, тренингтер; 16,9% олимпиадалар, байқаулар жатқызған.


Оқушылармен кәсіби бағдар беру жұмысын қазіргі заманғы ұйымдастыруда атап өтілген мәселелер келесідей болды: 33,2% жүйеліліктің болмауы, 30,2% кәсіптік бағдарлау материалдарының мазмұнының өзекті еместігі, 29,2% кәсіптік бағдар беру жұмысының ескірген құралдарының қолданылуы, 30,7% кәсіптік бағдар беру жұмысының бірқалыптылығы десе, қалған 2% барлығы деп өз жауап нұсқасын қалдырған (3-сурет).



3-сурет – Оқушылармен кәсіби бағдар беру жұмысын қазіргі заманғы ұйымдастыруда атап өтілген мәселелер

«Оқушылармен кәсіби бағдар беру жұмысында цифрлық технологияларды қолдану қажет деп санайсыз ба?» деген сұраққа респонденттердің

94,1% цифрлық технологияларды қолдану қажет деп мәлімдеді, 5,4% қажет емес, 0,5% мүмкін деген жауап пікірде болған (4-сурет).



4-сурет – Студенттердің оқушылармен кәсіби бағдар беру жұмысында цифрлық технологияларды қолдану туралы пікірі

Оқушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысында қолданылуға ұсынылған цифрлық технологияларға респонденттердің 37,1% сайттар, 37,1% кәсіптік бағдарлау бойынша

квест ойындары, 47% әртүрлі мамандық өкілдерімен онлайн кездесу, 9,9% ютуб канал, 20,8% мобильді қосымша деген пікір қалдырды (5-сурет).



5-сурет – Оқушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысында қолданылуға ұсынылған цифрлық технологиялар

Сауалнама нәтижесі көрсетіп отырғандай мектептерде кәсіби бағыт бағдар беру жұмыстары өз мәнінде жүзеге аса бермейді. Кәсіби бағыт бағдар беру жұмыстарының жаңаша көзқараста болмауы, болашақ мамандардың кәсіптік бағдар беру жұмыстарына даярлығының жеткіліксіздігі, өткізілетін жұмыстардың әдістемелік тұрғыдан жеткілікті қамтылмауы, заман талабына орай оқу-тәрбие процесін цифрландыру жағдайындағы мүмкіндіктерді пайдалануға даяр болмауы мәселелері орын алып отыр. Осыған орай осындай мәселелердің алдын алу үшін болашақ педагог-психологтерді оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беру жұмыстарына даярлау қажет. Ал ЖОО тәжірибесін талдауы көрсеткендей, студенттердің едәуір бөлігінде кәсіби бағдарлау құндылықтарының қалыптасқан жүйесі жоқ, ойлаудың тұрақты стереотиптері байқалады, кәсіби өзін-өзі дамытуға әлсіз назар аударылды. Бұл жағдайдың негізгі себептері дәстүрлі оқытудың қалыптасқан тәжірибесінде жатыр деп ойлаймыз, себебі ЖОО оқу процесінде болашақ педагог-психологтерді оқушылармен кәсіби бағдар беру жұмысына дайындау, олардың кәсіби әлемдегі орнын анықтауға көмектесуге инновациялық тәсілмен қарауды қажет екенін ескере бермейді.

Қорытынды

Зерттеу мәселесін шешудің маңызды қорытындысы кәсіптік бағдарлау нысандарын,

әдістері мен құралдарын білім беруді цифрландыру жағдайына сәйкес жүзеге асыруды жетілдіру болып табылады.

Сауалнамадан алынған нәтижелерге сүйене отырып, келесідей қорытынды жасауға болады:

- болашақ педагог-психологтердің кәсіби бағдарлау жұмысы бойынша даярлығын әдістемелік тұрғыдан арттыру;
- білімді цифрландыру жағдайында кәсіптік бағдарлау материалдарының мазмұнын өзектілендіру;
- кәсіптік бағдар беру жұмысының цифрлық құралдарының мүмкіндіктерін қолдану.

Айтылғандарды басшылыққа ала отырып, біз жоғарыда атап өткеніміздей болашақ педагог-психологтерге оқушыларға кәсіби бағыт бағдар беруде көмекші құрал ретінде веб-сайт әзірлену үстінде, сонымен қатар цифрлық технологияның басқа да мүмкіндіктерін жүзеге асырып кәсіби бағдарлау жұмысының мазмұнын жетілдіруді жоспарлап отырмыз.

Осылайша, болашақ мамандықты таңдау ретінде тұлғаны дамытудың маңызды саласына цифрлық технологияларды енгізу кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігін едәуір арттыруға көмектеседі. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарына қолданыстағы тәсілдер өзектілігін жоғалтып, түбегейлі өзгерістерді талап ететіндігін көрсетеді. Біздің ойымызша, кәсіби бағдарлау қазіргі адамды нарыққа толығымен бағыттап, оның цифрлық кеңістікте табысты дамуының қажетті шарты болуы керек.

Әдебиеттер

- 1 Романова Е.С. Организация профориентационной работы в школе. – М: Издательский центр «Academia», 2013. – 304 с.
- 2 Соколова Д.В., Сеничева Н.Н. «Психологическая готовность старшеклассников к профессиональному самоопределению». *Voprosy territorial'nogo razvitiya*. №5 (25) [Электронный ресурс]. – 2015. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskaya-gotovnost-starsheklassnikov-k-professionalnomu-samoopredeleniyu> (дата обращения: 07.03.2023)
- 3 Vitoria, L., Mislinawati M., Nurmasyitah N.J. «Students' perceptions on the implementation of elearning: Helpful or unhelpful?» // *Phys.: Conf. Ser.* – 2018. – Vol. 1088. – P. 20-28.
- 4 Бесклубная А.В. Формирование готовности старшеклассников к выбору профессии: дисс. канд. пед. наук: 13.00.01. – Нижний Новгород, 2013. – 204 с.
- 5 Mytnyk A., Ivashkevych E., Chanchykov I., Predko V., Stakhova O. Professional training of future psychologists in the information space in higher education institutions // *Amazonia Investiga*. – 2023. – №12(61). P. 112-121
- 6 Борисова Т.С. Формирование профориентационной компетентности у будущих учителей технологии и предпринимательства в образовательном процессе вуза: дис. канд. пед. наук : 13.00.08. – Нижний Новгород, 2008. – 188 с.
- 7 Глузман Ю.В. Формирование готовности будущих педагогов-психологов к организации профориентационных мероприятий со старшеклассниками с ограниченными возможностями здоровья // Интернет-журнал «Мир науки». – 2018. – №3(6) <https://mir-nauki.com/PDF/63PDMN318.pdf>
- 8 Жумабоев Р.А. Формирование готовности будущих учителей технологии к профориентационной работе в общеобразовательной школе: автореф. дис. канд. пед. наук. – Душанбе, 2007. – 22 с.
- 9 Куракбаева А.Ж., Абуханова А.Б. Подготовка будущих педагогов к профориентационной работе // Научный журнал «Молодой ученый». – 2014. – №2 (6). – С. 69-74.
- 10 Бурнаева Е.М., Саломатова С.Н., Мельникова В.В., Бурнаева В.А. Результаты мониторинга мнений старшеклассников о формировании их жизненных и профессиональных позиций // Ученые заметки ТОГУ. – 2018. – № 2(9). – С.272-276.
- 11 Королева И.А., Кулакова А.Б. Психолого-педагогическое сопровождение профориентационной работы со школьниками // Проблемы развития территории. – 2013. – № 3 (65). – С.83–92
- 12 Оқушыларға арналған сауалнама <https://docs.google.com/forms/d/1oSNpN-ICj2i1QrZJ74dYcj4491ReZN08LKHR2HzhRVE/edit>
- 13 Болашақ педагог-психологтерге арналған сауалнама <https://docs.google.com/forms/d/1po4DHT4D88IvUTT1gYRhJo2oRTYz8VSIoQwXsWubThc/edit>

References

- Besklubnaja A.V. (2013). Formirovanie gotovnosti starsheklassnikov k vyboru professii [Formation of readiness of high school students to choose a profession]. [Candidate dissertation, Nizhniy Novgorod]. Dissercat. (In Russian).
- Borisova, T.S. (2008). Formirovanie proforientacionnoj kompetentnosti u budushhih uchitelej tehnologii i predprinimatel'stva v obrazovatel'nom processe vuza [Formation of career guidance competence of future teachers of technology and entrepreneurship in the educational process of the university]. [Candidate dissertation, Nizhniy Novgorod]. Dissercat. (In Russian).
- Bolaşaq pedagog-psihologtarğa arnalğan saualnama [Questionnaire for future teachers-psychologists] <https://docs.google.com/forms/d/1po4DHT4D88IvUTT1gYRhJo2oRTYz8VSIoQwXsWubThc/edit>
- Burnaeva E.M., Salomatova S.N., Mel'nikova V.V., Burnaeva V.A. (2018). Rezul'taty monitoringa mnenij starsheklassnikov o formirovanii ih zhiznennyh i professional'nyh pozicij [The results of monitoring the opinions of high school students about the formation of their life and professional positions]. *Uchenye zametki TOGU*, no 2(9), P. 272-276. (In Russian).
- Gluzman Ju.V. (2018) Formirovanie gotovnosti budushhih pedagogov-psihologov k organizacii proforientacionnyh meroprijatij so starsheklassnikami s ogranichenymi vozmozhnostjami zdorov'ja [Formation of the readiness of future teachers-psychologists to organize career guidance events with high school students with disabilities]. *Internet-zhurnal «Mir nauki»*,no 3(6). (In Russian).
- Kurakbaeva A.Zh., Abuhanova A.B. (2014). Podgotovka budushhih pedagogov k proforientacionnoj rabote [Preparation of future teachers for career guidance work] *Nauchnyj zhurnal «Molodoy uchenyj»*, no 2 (6), p. 69-74. (in Russian)
- Koroleva I.A., Kulakova A.B. (2013). Psihologo-pedagogicheskoe soprovozhdenie proforientacionnoj raboty so shkol'nikami [Psychological and pedagogical support of career guidance work with schoolchildren]. *Problemy razvitiya territorii*,3(65),P. 83–92(In Russian).
- Mytnyk, A., Ivashkevych, E., Chanchykov, I., Predko, V., & Stakhova, O. (2023). Professional training of future psychologists in the information space in higher education institutions. *Amazonia Investiga*, 12(61), 112-121.
- Oқушыларға арналған saualnama [Questionnaire for students] <https://docs.google.com/forms/d/1oSNpN-ICj2i1QrZJ74dYcj4491ReZN08LKHR2HzhRVE/edit>
- Romanova, E.S. (2013) Organizacija proforientacionnoj raboty v shkole [Organization of career guidance work at school] – М: Izdatel'skij centr «Academia». (in Russian)
- Sokolova D.V., Senicheva N.N. (2015). Psihologicheskaja gotovnost' starsheklassnikov k professional'nomu samoopredeleniju [Psychological readiness of high school students for professional self-determination]. *Voprosy territorial'nogo razvitiya*. – no 5 (25). – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskaya-gotovnost-starsheklassnikov-k-professionalnomu-samoopredeleniyu> (in Russian)

Zhumaboev R.A. (2007). Formirovanie gotovnosti budushhih uchitelej tehnologii k proforiacionnoj rabote v obshheobrazovatel'noj shkole [Formation of readiness of future technology teachers for career guidance work in a secondary school]. [Avtoref dissertatsionnaya rabota, Nizhniy Novgorod]. Dissertatsiya. (In Russian).

Авторлар туралы мәлімет:

Нуркенова Гулнур Канышевна (корреспонденттік автор) – 8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасының докторанты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды қ., эл.пошта: gulnur24.10.84@mail.ru);

Маженова Рауана Букеновна – п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, педагогика факультеті, мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасы, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (Қарағанды қ., эл.пошта: argosha2005@mail.ru);

Молдабекова Сандугаши Кайрхановна – PhD, қауымдастырылған профессор, педагогика және психология кафедрасы, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті (Көкшетау қ., Қазақстан, эл.пошта: SMoldabekova@shokan.edu.kz)

Сведения об авторах:

Нуркенова Гулнур Канышевна (корреспондентный автор) – докторант образовательной программы 8D01101 – Педагогика и психология, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, (г. Караганда Казахстан, эл.почта: gulnur24.10.84@mail.ru);

Маженова Рауана Букеновна – к.п.н., асс. профессор, педагогический факультет, кафедра дошкольной и психолого-педагогической подготовки, Карагандинский университет им. Е. А. Букетова, (г. Караганда Казахстан, эл.почта: argosha2005@mail.ru);

Молдабекова Сандугаши Кайрхановна – PhD, ассоциированный профессор, кафедра педагогики и психологии, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова (г. Кокшетау, Казахстан, эл.почта: SMoldabekova@shokan.edu.kz).

Information about authors:

Nurkenova Gulnur (corresponding author) – doctoral student of the educational program 8D01101 – Pedagogy and Psychology, Karaganda Buketov University (Karaganda, Kazakhstan, e-mail: gulnur24.10.84@mail.ru);

Mazhenova Rauana – Candidate of Pedagogical Sciences, associate professor, faculty of Education, Department of Preschool and psychological-pedagogical preparation, Karaganda Buketov University (Karaganda, Kazakhstan, e-mail: argosha2005@mail.ru);

Moldabekova Sandugash – PhD, associate Professor, Department of Pedagogy and Psychology, Kokshetau Shoqan Ualikhanov University (Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: SMoldabekova@shokan.edu.kz).

Келін түсті 16.01.2024
Қабылданды 01.03.2024